

5. Құрманбаева С.Қ. Қазақ әдебиетін оқытуда оқушылардың табиғатқа ізгілік қатынасын қалыптастыру негіздері: пед. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – Б.11.
6. Дулов А. Основы нравственного воспитания в процессе обучения. – Красноярск, 2005. – 65 с.

МРНТИ:15.41.39

Н.Қ. Тоқсанбаева¹, Н.Б. Токсанбаева²

¹ ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры,
психология ғылымдарының докторы.

Алматы қ., Қазақстан

² ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының оқытушысы

Алматы қ., Қазақстан

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС СТИЛДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада соңғы кездердегі психологиялық зерттеулерде қарым-қатынас жасаушылардың аралығындағы қашықтықтың, серіктестіктің коммуникативтік мәніне көңіл аудар. Америкалық қарым-қатынас психологиясында бұл бағыттағы зерттеулерге проксемика – деп ат қойылды. Проксемика бойынша қарым-қатынасты төрт түрге бөлуге болады, олар: көңіл-күйлік, жеке бастық, әлеуметтік, көпшілік. Алғашқы екі ара-қатынас жақын достық байланысты аңғартады, ресми қатынастағы адамдар әлеуметтік тұрғыны ұстанады, ал көпшілік ара-қатынас бөтен адамдармен араласу болып табылады. Әрбір адамның өзіне ғана тән қалыптасқан қарым-қатынас стилі болады

Түйін сөздер: оқыту, жүйе, психология, зерттеу, қарым-қатынас, серіктестік, коммуникативтік, проксемика

Токсанбаева Н.Қ.¹, Токсанбаева Н.Б.²

¹ доктор психологических наук, профессор

Казахский Национальный Университета имени аль-Фараби.

² Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби
преподаватель кафедры общей и прикладной психологии

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ЗНАЧИМОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ СТИЛЕЙ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБЩЕНИЯ

Аннотация

В статье акцентировалось внимание на коммуникативной сущности межличностного общения, взаимодействия в психологических исследованиях последних лет. В американской психологии взаимоотношения, исследования в этом направлении были названы – проксемика. По проксемике взаимоотношения можно разделить на четыре вида: интимная, персональная, социальная, общественная. Первые два соотношения отражают близкую дружественную связь, люди, находящиеся в официальных отношениях, придерживаются социальных взаимоотношений, а общественная – это взаимоотношения с чужими людьми. У каждого человека есть свойственная только ему стиль общения.

Ключевое слова: обучение, система, психология, исследование, общение, партнерство, коммуникация, проксемика

N.K.Toxanbaeva¹, N.B. Toxanbaeva²

¹ doctor of psychology, professor of the department of general and implied psychology
at al-Farabi Kazakh National University.

² al-Farabi Kazakh National University. Science Teacher of the Department of General and applied psychology.

PSYCHOLOGICAL SIGNIFICANCE OF THE USE OF PEDAGOGICAL COMMUNICATION STYLES

Abstract

This article deals with the communicative nature of interpersonal communication, and interaction in psychological research in recent years. The research in this direction is called the proxemics in the psychology of relations in America. Relations according to proxemics can be divided into four types: mood, personality, social, and mass. The first two relations reflect a close friendly relationship, in official communication people support social relationships, and the majority of the communication is carried out with strangers. Everyone has a personal style of communication.

Keywords: education, system, psychology, research, communication, partnership, communication, proxemics

Білім беру жүйесін ізгілендіру қазіргі кезеңдегі даму жағдайында педагог кадрлардың жалпы және кәсіби даярлығына, олардың жеке шығармашылығына жоғары талаптар қоюда. Қандай да бір қызметте іс-әрекеттің жеке стилі – кәсіби еңбектің жеке даралану үдерісінің негізгі сипаты болып табылады. Кәсіби маманның өз стилінің болуы, бір жағынан – оның кәсіби әрекеттің объективті нақтыланған құрылымына бейімділігін көрсетсе, екінші жағынан – өз жеке даралығының толық ашылу мүмкіндігін сипаттайды.

Педагогикалық әрекет – күрделі, әрі көпжақты. Оның көптеген компоненттерінің ішінен үш негізгі-сін бөліп көрсетуге болады: мағынасы, әдістемесі және әлеуметтік-психологиялық компоненттері. Осы үш компоненттің біртұтастығы мен өзара байланысы педагогикалық жүйенің міндеттерінің толық жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Бұл бірліктегі негізгі компонент - әлеуметтік-психологиялық, яғни педагогикалық қарым-қатынас, соның негізінде қалған екеуі жүзеге асады. Негізгі тәрбиелік өзара қатынастардың жүйесі қарым-қатынас үдерісінде қалыптасады, тәрбие және оқыту үрдісінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Қарым-қатынас педагогикалық әрекеттің негізгі әсер етуші құралы болып саналады.

Оқу-тәрбие үдерісіндегі педагогикалық қарым-қатынастың рөлі мен мағынасы туралы көптеген белгілі ғалымдар ой-пікірлер айтқан. Мысалы, А.С. Макаренконың мұғалімге педагогикалық шеберлік пен педагогикалық қарым-қатынас техникасын меңгеру қажеттілігін көрсете отырып: «...адам, бала келбетін (бет-әлпетін) оқи білу қажет... Жан дүние қозғалыстарының белгілері туралы келбеттен оқи білудің еш құпиясы, таң қаларлығы жоқ. Педагогикалық шеберлік тәрбиешінің дауыс ырғағы мен өзінің бет-әлпетін басқара алуында... Рөлге кіре алмайтын адам мұғалім бола алмайды. Бірақ ол шынайы болуы тиіс...» деген пікірлерін ескермеуге болмайды [1]. Ал ғалым В.А. Сухомлинский: «Абай болыңыздар, сөздеріңіз нәзік тәнді осып өтетін қамшы ретінде болмасын, оның нәтижесінде бала жанында мәңгілік жара қалуы мүмкін...» дей отырып, педагогикалық қарым-қатынас үрдісінде кездесетін «адаспа» мұғалімдердің «ашы дауысын» бәсеңдетуді сұранады [2].

Педагогикалық қарым-қатынас оқу-тәрбие үдерісінде оқушы тұлғасына әсер етуші құрал ретінде қызмет етеді. Педагогикалық қарым-қатынас - өзіндік ақпарат алмасуы бар, коммуникативтік құралдардың көмегі арқылы өзара қатынастар мен тәрбие құралдарын жүзеге асырушы біртұтас жүйе болып табылады. Мұндағы күрделі міндеттердің бірі – нәтижелі қарым-қатынасты жүзеге асыру, ол үшін педагог бойында коммуникативтік біліктерді дамытудың маңызы зор.

Қарым-қатынас басқа біреудің жан дүниесіне, «мен» ұғымына ену. Бұл оңай емес, өйткені өзіне ұқсамайтын басқаның жан дүниесіне ену үшін психологиялық дайындық қажет. Сондықтан қарым-қатынасты ұйымдастыруда субъектінің психологиялық жағдайын ескеру өте маңызды болып табылады. Өйткені, субъектілердің кез келген қарым-қатынасы психологиялық кеңістікте өзгеріс туғызады. Кез келген ересек адам баламен қарым-қатынаста оның психологиялық ерекшелігін ескеріп, оған уақыт беруі керек. Қарым-қатынас көлденең жазықтықта (мұғалім мен оқушы бірдей) және тік жазықтықта (мұғалім оқушыдан биік) болады. Көлденең қарым-қатынас жемісті, ал тік қарым-қатынас үнемі оқушыны қарама-қарсылыққа итермелейді. Көлденең қарым-қатынасқа жету үшін біріншіден, оқушыны ойша қатар қою, екіншіден, оқушыға жоғарыдан төмен қарамауға дағдылану қажет. Біріншіні іске асыру жеңіл, ал екіншісі ыңғайсыз, өйткені мұғалімдер оқушыларды бақылау үшін орындарынан тұрып қарым-қатынас жасайды. Бірақ, ересектер көлденең қарым-қатынастың аса қажет екенін іштей сезеді, олар баламен еңкейіп сөйлеседі, олармен қатарласып отырады, алдына отырғызады.

Сырттай қарағанда қарым-қатынас деңгейіне ешкім көңіл аудармағандай болып көрінуі мүмкін. Сөйтсе де, екінші адамның өзіне деген қарым-қатынасын бірден сезесің және қабылдайсың, ал егер оны тануда қателессең, қарым-қатынас күрделене түседі немесе оның бұзылуына әкеп соғады. Қарым-қатынаста арақашықтықты сезу қиын емес. Бұл үшін сөйлесіп отырған адамдарды бақылап отырып, олардың бір-бірі-

не деген көзқарасын аңғаруға болады. Арақашықтық - өзгермелі құбылыс, ол оқушылардың жасының өзгеруіне қарай жылжымалы болады [3].

Қарым-қатынас стилі дегеніміз не? Ол қалай қалыптасады?

Осы тақырыптағы ең алғашқы тәжірибелік зерттеулерді 1938 жылы неміс психологы Курт Левин жүргізген. Ал қазіргі кезде педагогикалық қарым-қатынас стилінің көптеген түрі анықталған, солардың негізгілеріне тоқталып өтейік [4].

Авторитарлық стиль – қатаң басқару тенденциясы және бақылау формасымен сипатталады. Басқа әріптестеріне қарағанда бұйрық беру жолын көп қолданады. Мұндай стилді педагог жұмыс мақсатын тек өзі анықтап қана қоймай, сонымен қатар тапсырманың орындалу жолдарын, кім кіммен және қай топта жұмыс жасау керектігін нақты анықтап береді. аталмыш стиль ынталану әрекетін бәсеңсітеді, себебі оқушы орындап отырған жұмысының мақсатын, жұмыс кезеңдерінің функцияларын және алда не күтіп тұрғанын ұғына алмайды. Бұл стиль жалпы алғанда тиімсіз болып табылады. Педагог ұжымы және оқушылар айтқанды жасауға үйреніп; белсенділік, инициатива көрсетуге дағдыланбайды: көбіне жалтақ болып, жағымпаздық жолға түседі. Оқушының позитивті мүмкіндіктеріне мұғалімнің сенімсіздік танытуы жұмысқа деген қызығушылығын күрт төмендетеді. Оқушы тарапынан көрсетілген әрбір ынталану үрдісін авторитарлы педагог «өз бетімен кету» деп қабылдайды. Зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей мұндай мінез-құлық өз беделін жоғалтып аламын деген қорқыныштан туындайды.

Немқұрайлық стилі – оқу-тәрбие үдерісінде болып жатқан құбылыстардан, жауапкершіліктерден өз басын алып қашу. Зерттеу нәтижелері бұл стиль барысында жұмыстың ауқымының төмен орындалуы мен сапасының болмауын көрсетеді. Бұл жағдайда педагог оқушының әрекетіне араласпауға тырысады, тапсырмаларды тек формалды тұрғыда бере отырып, басқару жауапкершілігінен бас тартады. Мұғалімнің сөзі бір жақта, ісі екінші жақта, қойған талаптары тұрлаусыз болып, ұжым мүшелері мен оқушыларды ашу мен ызаға толтырады.

Демократиялық стилде ең бірінші орында фактілер бағаланады. Бұл стилдің ерекшелігі жұмыс және оны ұйымдастыру барысында топ талдауға немесе тағы басқа да тапсырмаларға белсенді қатыса алады. Нәтижесінде субъектілердің өздеріне деген сенімділіктері артып, өзін-өзі басқаруға деген сенімділіктері артады. Егер авторитарлық стилде топ мүшелері арасында бір-біріне деген қарама-қарсы қатынастар болса, демократиялық стиль керісінше ұжым мүшелерін жақындатып, өзара түсініспеншілікке шақырады. Педагог жұмыс барысында ұжымға арқа сүйеп, оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау қабілеттерін ынталандырады, оқушы тарапынан айтылған сын-пікірлерді дұрыс қабылдап, шыдамдылық танытады. Демократиялық стильдегі педагогикалық қарым-қатынас пайдалы келеді. Оқушылар өзбетімен инициатива, белсенділік көрсетіп, мұғалімнен үрікпей, жасқанбай, еркін ұстап, онымен бірігіп жұмыс жасауға әдеттенеді.

Бірлескен шығармашылық әрекетке қызығушылық негізіндегі қарым-қатынас стилі. Аталмыш стиль педагогтың жоғары кәсіби шеберлігі және оның этикалық ұстанымдарының бірлігі негізінде жүзеге асады. Бірлескен шығармашылық әрекетке қызығушылық тек мұғалімнің коммуникативтік әрекетінің нәтижесін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар оның тұтас педагогикалық әрекетке деген қатынасының деңгейін байқауға болады. Бұл стилдің артықшылығын М.О. Кнебель, В.А. Сухомлинский, В.Ф. Шаталов, Ш. Амонашвили және т.б. педагогтар атап көрсетеді. Аталмыш стиль бірлескен оқу-тәрбие әрекетінің алғышарты болып табылады [5].

Қашықтықтағы қарым-қатынас стилі. Бұл стилді қолданылатындар әрі тәжірибелі, әрі жаңадан жұмысқа орналасқан мұғалімдердің ішінен де кездесе береді. Бұл стилдің басқалардан ерекшелігі – субъектілер арасындағы қарым-қатынас қашықтығы. Бірақ мұнда да өлшем қажет. Қашықтықты аса алыс ұстау субъектілердің өзара тұтас әлеуметтік-психологиялық жүйесін формалды жағдайға ұшыратады, шынайы шығармашылық ахуалдың туындауына септігін тигізбейді. Білім беру жүйесі субъектілері арасында қашықтық болуы тиіс, ол қажетті болып табылады. Ол өзара қатынастар негізі ретінде бұйыру емес, бір субъектінің екінші субъектіге жалпы қатынас логикасынан туындауы қажет. Қашықтық педагогтың басқы ролінің көрсеткіші ретінде, оның беделі арқылы қалыптасады.

Қорқыту стилі – бұл қашықтықтан қарым-қатынасқа түсу стилінің ең тығырыққа тірелген формасы. Стилді көбіне жас мамандар бірлескен шығармашылық әрекетке екінші субъекті тарапынан нәтиже, тіпті қызығушылық тудыра алмаған жағдайда қолданады. Шығармашылық қатынаста бұл қарым-қатынас стилі мүлде өміршең емес. Себебі, педагог жағымды коммуникативтік ахуал жасаудың орнына, керісінше оларды тынып тастап, педагогикалық қарым-қатынасты достық сипаттан айырып отыруға бейім болады.

Ойнақы қалжыңға бағытталған қарым-қатынас стилі – педагогикалық қарым-қатынасты нәтижелі ұйымдастыра алмайтын тәжірибесіз педагогтарға тән. Педагогикалық әдеп ережелеріне қарама-қайшы келетін стиль. Мұндай стилді педагогтар балалардың арасында арзан, жалған беделге ие. Көбіне тәжіри-

бесіз жас мамандар сынып ұжымына тез ұнау үшін және балалармен жедел түйісу нүктесін орнату мақсатында, ал екінші жағынан педагогикалық қарым-қатынас этикасының жетіспеуінен пайдаланады. Бұл стиль тәрбиеші мен тәрбие үдерісіне үлкен зиянын тигізеді. Пайда болу себептері:

- ✓ өз алдында тұрған жауапты педагогикалық мәселелерді дұрыс түсінбеу;
- ✓ қарым-қатынас біліктілігінің жетіспеуі;
- ✓ сынып ұжымымен қатынастан қорқу мен оқушылармен тез тіл табысу үшін.

Педагог қауымы өз қызметінде көбіне қай стилді пайдаланады?

Осы сұраққа жауап алу мақсатында 16 жалпы орта білім беру мекемелерінде диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Сауалнаманың негізгі мақсаты қазіргі таңдағы педагогтардың басым көпшілігі қандай стилді пайдаланатындығын анықтау. Зерттеу нәтижесі төмендегідей көрсеткіш берді:

яғни, тұлғалық-бағдарлы қарым-қатынас моделіне бағытталған демократиялық және бірлескен шығармашылық стилдерімен педагогтарымыздың 54,6%-ы жұмыс жасаса, қалған 45,4%-ы оқу-пәндік қарым-қатынас моделіне бағытталған авторитарлық, немқұрайлық, қашықтықтан қарым-қатынас жасау, қорқыту және ойнақы қалжыңға негізделген қарым-қатынас стилдерін қолданатындығын көрсетеді. Бұл әрине, педагогикалық қарым-қатынастың ұтымды болуына қарама-қайшылық.

Педагогикалық қарым-қатынас ұтымды болу үшін педагогикалық ұжым мүшелері мен оқушылардың кадрлейтін заттарын, идеяларын, қажеттіліктерін ескеріп отыру қажет. Сонымен қатар осының бәрі басшы және оқушылармен тікелей қарым-қатынасқа түсетін педагогтың ішкі көкейінен маңызды орын алуға тиіс. Тек сонда әрбір субъектімен жеке жұмысын жүргізуге тиімді амал-тәсілдерді қолдана алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Божович Л.И. Проблемы формирования личности. – Воронеж, 2005.
2. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. – Киев, 2015.
3. Тоқсанбаева Н.Қ. Қарым-қатынастағы таным үрдісінің ерекшеліктері. Самопознание (теория, практика, поиск новых парадигм) // Сборник материалов международной научно-практической конференции «самопознание» - программа гармоничного развития человека» (Алматы, 21-22 октября 2003 года). – Алматы: РУОЦ «Бөбек», 2003. – 216 с.
4. Божович Л.И. Проблемы формирования личности. – Воронеж, 2005.
5. Бодалев А.А. Личность и общение. – М.: Педагогика 2003.

МРНТИ 15.81.21

С.Р. Кыдырова¹, Н.Б. Жиенбаева²

¹ 3 курс (PhD) докторанты Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан

² психол.ғ.д., профессоры Абай атындағы ҚазҰПУ.
Алматы қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Бұл мақалада қазіргі заманғы студенттерде шығармашылық ойлауды дамыту проблемасы қарастырылады. Сонымен қатар шығармашылық ойлауды дамытудың әр түрлі психологиялық-педагогикалық шарттары мен кейбір жолдары туралы айтылады. Шетел ғалымдары ұсынған «шығармашылық ойлау» терминінің анықтамалары ұсынылған. Студенттерде шығармашылық ойлауды дамыту мәселесі мақалада студенттердің дүниетанымының ажырамас бөлігі ретінде белгіленген және бұл дүниетанымдық білімнің, көзқарастардың, нанымдардың, идеалдардың деңгейіне және жалпы адамгершілік құндылықтардың жеке санасында қайта ойластыруға болатын өнімді ойлаудың ерекше түрі ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар, В.П. Ушачевтың диссертациялық зерттеу жұмысынан осы мәселеге қатысты кейбір материалдар ұсынылған. Болашақ мамандарда шығармашылық ойлауды дамыту үшін заманауи білімнің күшейген талаптары мен мақсаттары туралы егжей-тегжейлі айтылады.

Түйін сөздер: шығармашылық ойлау, психологиялық-педагогикалық жағдайлар, студент, қазіргі